

Бекітілген
Ғылыми кеңестің шешімімен
Қараганды техникалық университеті
Әбілқас Сагынов атындағы
29.04.2024 ж.
(№10 хаттама)

**«Жатақхананың үздік қабаты»
атағына үміткерді анықтау Ережесі**

1. Жатақханалардағы ең жақсы қабаттар бағалаудың сараптамалық әдістері негізінде анықталады

1.1. Байқауға жатақхананың қоғамдық өміріне белсенді қатысатын, жатақханада тұру ережелерін бұзушылығы, қатаң жазалары жоқ студенттер тұратын қабаттар жіберіледі

1.2. «Жатақхананың үздік қабаты» атағын алуға үміткерлерді критерийлер бойынша іріктеуді жатақханалардың конкурсстық комиссиялары жүргізеді.

1.3. Конкурстар қорытындысы жатақхана №3, «Армандастар Ордасы» және «Студенттер үйі» жатақханалары арасында шығарылады.

1.4. Жатақханалардың конкурсстық комиссиялары алқалық қабылданған шешім негізінде хаттама ресімдейді, онда конкурсқа қатысу үшін «Армандастар Ордасы» жатақханасының 3 қабатын, ал №3 және «Студенттер үйі» жатақханаларының 2 қабаттан ұсынады және оны конкурстардың қорытындыларын шығару жөніндегі университет комиссиясына қағаз түрінде береді.

2. Көрсеткіштерді бағалау 1 кесте бойынша айқындалады.

1 кесте

Бағалау критерийлерінің сипаттамасы

Критерий	Ұпай
1. Жатақханаларда тұру ережелерін сақтау	0-30
2. Тұрғындардың мәдени-бұқаралық, спорттық, еңбек және қоғамдық пайдалы іс-шараларға қатысуы	0-30
3. Жатақханада тұру үшін төлемнің уақтылы төленуі	0-10
4. Студенттер кеңесінде, полицияға жәрдемдесу жасағында қабат тұрғындарының мүшелігі	0-10
5. Жатақхана әкімшілігінің қабатқа сипаттамасы	0-10
6. Студенттік кеңестің қабатқа сипаттамасы	0-10

2. Конкурстардың қорытындыларын шығару жөніндегі университеттік комиссия сараптамалық бағалардың саулнама парагын мынадай нысан бойынша толтырады:

2 кесте

Сараптамалық бағалаудың саулнама парагы

Жатақх. атауы, қабат	Көрсеткіштің атауы						Ұпай сомасы	Алған орны
	1	2	3	4	5	6		
I	2	3	4	5	6	7	8	9

Сарапшылардың бағалауы бойынша қабат алатын орын (9 баған) кему тәртібімен анықталады (1 орын – ең көп ұпай саны; соңғы орын – ең аз ұпай саны).

3. Комиссияның әрбір мүшесі (сарапшы) қол қойған және ұсынған 2 кестенің (9-баған) қорытынды деректері негізінде Конкурс қорытындыларын шығару жөніндегі университеттік комиссия конкурс жеңімпазын анықтайды.

ЖСД директоры

Бузяков Р.